



ӨКІМ

12.02.2025 № 3р/2
Қулан ауылы

РАСПОРЯЖЕНИЕ

№ _____
село Кулан

Қулан ауылы

12 ақпан 2025 жыл

**Т.Рысқұлов ауданы аумағында орналасқан
мектептерде мобильдік топтарды құру және
жетекшілері мен мүшелерін бекіту туралы**

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың және қылмыстың алдын алу мақсатында «Прокуратура туралы» Конституциялық Заңның 16-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес

МІНДЕТТЕЙМІН:

1. Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың жолын кесу және қылмыстың алдын алу бойынша мобильдік топтар құруды және олардың жетекшілері мен мүшелері ретінде қосымшада көрсетілген прокуратураның, аудан әкімдігінің, білім беру саласының, денсаулық сақтау саласының және ювеналды полиция қызметкерлерін белгілеуді (келісімдері жеке паракта).

2. Мобильдік топтардың міндеттері мен негізгі мақсаттары:

- іс-шаралар жоспарына сәйкес оқу орындарында қорқытып алу жолымен ақшалай қаражат жинаумен айналысатын бейресми жастар топтарының анықтау және жеке профилактикалық жұмыстар жүргізу;

- кәмелетке толмаған бейресми көшбасшыларға профилактикалық жұмыс жүргізу, тәрбиелеу, қайта тәрбиелеу және қылмыстарды (құқық бұзушылық) болдырмау;

- мектеп басшылығына қарамастан мектеп инспекторларымен, психологтармен бірге мобильдік топтар жұмыс жүргізу қажет (Отбасы, орта тәрбиесі, жалпы тақырыптар туралы әңгіме бастап, түсіндіру жұмыстарына тоқталу қажет. Достарымен, сыныптастарымен қатынастары туралы тоқталып, кәмелетке толмағандардың жасаған қылмыстары үшін өтейтін жазасы жайлы, жастарды тәрбиелеу, сондай-ақ ата-аналардың жауапкершілігі туралы, болашақта қылмыс жасаған жағдайда күтілетін жазасы туралы түсіндіру жұмыстарын жасау);

- әрбір мектеп инспекторлары мектеп аумағында ақша жинау фактілері анықталған жағдайда, бөгде адамдардың пайда болуы немесе басқа да құқық бұзушылықты жасау фактілерін және қылмысты анықтау, АПБ жедел қызметкерлеріне, топ басшысына тез арада хабарлау;

000011

- мобильдік топтардың жетекшілері ақпаратты алғаннан кейін оқиға орны алған жерге Т.Рысқұлов АПБ-ның қызметкерлерін жетуін қамтамасыз ету;
- ішкі істер органдарында есепте тұратын кәмелетке толмағандардың, сонымен қатар отбасы жағдайы төмен жасөспірімдердің тізімін жасақтау;
- жасақталған тізімге сәйкес сауалнама, сұхбат профилактикалық жұмыстар жүргізу;
- жиі қылмыс болатын жерлерді анықтап, Т.Рысқұлов АПБ-ның ЖПҚ-ға патрульдік графикке сол аумақтарды қосу үшін хат жолдау;
- мектеп инспекторларының және мектеп психологтарының жүргізілген жұмыстарына баға беру;
- мінез-құлқы нашар жасөспірімдер анықталған жағдайда, оларды мектеп ішіндегі есепке және қауіпті топтар қатарына қою;
- атқарылған іс-шаралардың қорытындысы бойынша арнайы жинақтау шапқасын арнап, барлық ақпараттарды жинақтау;
- мобильдік топтардың мүшелері атқарған жұмыстарының нәтижесін әр айдың 25-не дейін мобильдік топ басшысын жазбаша түрде хабардар етуі талап етіледі.

3. Әр ай сайын аудан прокурорына және оның орынбасарына атқарылған жұмыстар туралы баяндауды, сондай-ақ топ басшылары мен мүшелерін осы өкімнің талаптарын тиісінше орындамағаны үшін жеке жауаптылығы туралы ескертуді.


4. Барлық прокуратура, аудан әкімдігінің, білім беру, денсаулық сақтау саласының және ювеналды полиция қызметкерлерін осы өкіммен таныстыруды.

5. Мобильдік топ жетекшілері іс-сапарға кетуіне, кезекті еңбек демалысына шығуына немесе т.б. себептермен уақытша жұмыс орнында болмаған жағдайда, бөлім басшылары мен сол қызметкердің жетекшілігін бөлім ішінде басқа жетекшіге тапсыруды.

6. Аудан прокурорының 2024 жылғы 16 қазандағы №18р/2 өкімнің күші жойылды деп тануды.

7. Осы өкімнің орындалуын бақылауды аудан прокуратурасының аға прокуроры А.Құсайыновқа жүктеймін.

Аудан прокуроры



Б. Қалыбаев

№	Мектеп	Мобильдік топтың басшысы және мобильдік топ мүшелері
<p>Құлан мектебі, №1 мектеп-лицей, Ш.Уалиханов мектебі, Б.Бөкейханов мектебі, Ю.Гагарин мектебі, Т.Рысқұлов мектеп гимназиясы, М.Горький мектебі, Т.Аубакиров мектебі.</p>	<p>Топ жетекшісі: Т.Рысқұлов ауданы прокуратурасының аға прокуроры – Құсайынов Алихан Ғабитұлы (тел. 8700 020 12 48).</p> <p>Топ құрамы: - Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің бас инспекторы – А.Сарсенханұлы - Т.Рысқұлов АПБ-нің ЮПТ инспекторы – Ж.Егембердиев, Д.Жанасов - Т.Рысқұлов аудандық білім бөлімінің әдіскері – Г.Ноғайбаева - Т.Рысқұлов АОА-ның балалар дәрігері – А.Сматилдаева</p>	
<p>Ақбұлақ мектебі, №3 о.м. Қорағаты о.м. Байтәлі б.м., Абай о.м. Б.Момышұлы о.м. М.Әуезов м., Қ.Сатпаев о.м.</p>	<p>Топ жетекшісі: Т.Рысқұлов ауданы прокуратурасының аға прокуроры – Байгисиев Бигиса Әскерханұлы (тел. 8 701 130 71 07).</p> <p>Топ құрамы: - Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің заңгері – С.Нұрпейісов - Т.Рысқұлов АПБ-нің ЖПҚ ЮПТ инспекторлары – Қ.Жүнісов, Д.Жанасов - Т.Рысқұлов Білім бөлімінің әдіскері – Н.Нұрбек - Т.Рысқұлов АОА –ның Ақбұлақ ауылының дәрігері Ф.Тлеужанова</p>	
<p>Қ.Сұлтанбеков о.м., А.Байтұрсыннов о.м., Ақтоған о.м., Ботай батыр о.м., Ы.Алтынсарин о.м., Малдыбай о.м., Ақыртөбе о.м.</p>	<p>Топ жетекшісі: Т.Рысқұлов ауданы прокуратурасының прокуроры – Бейсенбаев Бексұлтан Нұржанұлы (тел. 8 701 922 33 11).</p> <p>- Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің Жастар ресурстық орталығының директоры – Е.Жәдік - Т.Рысқұлов АПБ-нің ЖПҚ ЮПТ инспекторлары – Н.Ахмет, Г.Ниязкулова және Д.Жанасов - Т.Рысқұлов Білім бөлімінің тәрбие инспекторы – А.Джамбулбаева - Т.Рысқұлов АОА –ның Көкдөнен ауылының дәрігері А.Стыбаева</p>	
<p>№4,5 о.м. Р.Смайлов о.м., Алғабас о.м., Ғ.Муратбаев б.м., Тасшолақ</p>	<p>Топ жетекшісі: Т.Рысқұлов ауданы прокуратурасының прокуроры – Сарымолда Данияр Үрметұлы (тел. 8 747 835 82 76).</p> <p>Топ құрамы: -Т.Рысқұлов АПБ-нің ЖПҚ ЮПТ – Г.Ниязкулова, М.Жантұрғанов және Д.Жанасов - Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің бас маманы – Ө. Тамшыбай -Т.Рысқұлов білім бөлімінің әдіскері – А.Мажид</p>	

б.м. Жапаксаз	-Т.Рысқұлов АОА –ның Қарақыстақ ауылының дәрігері З.Тәжібай
б.м. Мамай қайыңды	Т.Рысқұлов ауданы прокуратурасының прокуроры – Әуезбеков Айбек Медетбекұлы (тел. 8 747 895 75 18).
б.м. Ш.Қайыңды	Топ құрамы: - Құлан ауылдық округі әкімінің орынбасары – Қ.Өскенбаев
б.м.. Сөгеті	- Т.Рысқұлов АПБ-нің ЖПҚ ЮПТ инспекторлары – Г.Ниязқұлова, Д.Жанасов
б.м. Қоқарық	- Т.Рысқұлов Білім бөлімінің әдіскері – Г.Ускенбаева
б.м. Жамбыл	- Т.Рысқұлов АОА –ның Қайыңды ауылының дәрігері Д.Арзиметов
о.м.. Бірлес	
о.м..	